

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Бақытжан Оразалы

Туған жылы: 01.05.2020 жыл

Топ: «Жауқазын»

Мақсаты:

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

р/с	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p>Зейін мен қабылдауды анықтау Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау. Әдістемелер:</p> <ul style="list-style-type: none">• «Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету• «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу• «Пішіндерді біріктірі» — түстер мен пішіндерді жұптау• «Қатесін тап» — суреттегі ұсақ қателерді табу.	<p>Артық затты тапты, сәл ойланды. Ұқсас суреттерді тауып көрсетті.</p> <p>Сәйкестендірді.</p> <p>Суреттегі қателерді тапты.</p>
2	<p>Есте сақтауды тексеру Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау. Әдістемелер:</p> <ul style="list-style-type: none">• «4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату.• «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.)	<p>Өлеңді толық жаттады, бірақ орындарын алмастырып айтты.</p> <p>8 сөзден 6 сөзді есте сақтады қайталады.</p>
3	<p>Сөйлеу және ойлау дамуы Мақсаты: сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау. Әдістемелер:</p> <ul style="list-style-type: none">• «Сурет бойынша әңгіме құрастыру»• «Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін)• Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен–кіші, жылы–суық)• «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар)	<p>Сурет бойынша әңгіме қысқаша құрады, қиналды, көмекке жүгінді. Толық айтып берді.</p> <p>Біледі.</p> <p>Барлығын топтастырды</p>
4	<p>Ұсақ моторика Мақсаты: саусақ қозғалысын, үйлесімділігін бағалау.</p>	<p>Сәйкестендірді.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> • Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру. • Нейрожаттығу орындау. 	<p>лақтырды, кызығушылықпен ойнады.</p> <p>Орындады, саусақтарын сәйкестендіру барысында шатасты.</p>
5	<p>Эмоциялық-ерік аймағы Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау. Әдістемелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды. • «Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау 	<p>Барлығын дұрыс қойып шықты. Эмоцияларды көрсетті, бірақ қай жағдайда болатынын түсіндіріп бере алмады.</p>
6	<p>Әлеуметтік бейімделу Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау. Бақылау барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тапсырма кезінде белсенділігі • Көмек сұрай ма, жоқ па • Қарым-қатынасқа түсуі 	<p>Қызығушылықпен орныдады Көмекке жүгінеді, түсінбегенін қайта сұрақ қойып түсіндіруін өтінеді. Өте жақсы.</p>

Даму деңгейі

Оразалы берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Зейін мен қабылдау деңгейі жақсы дамыған, тапсырмаларды ойланып барып дұрыс орындайды. Көру арқылы салыстыру, сәйкестендіру дағдылары қалыптасқан. Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті орташа деңгейде дамыған, ақпаратты есте сақтап, қайта жаңғырта алады, бірақ кей жағдайда сөздердің орын тәртібін шатастырады.

Сөйлеу және ойлау қабілеті жас ерекшелігіне сәйкес дамуда. Сурет бойынша әңгіме құрастыру кезінде қысқаша жауап береді және кей жағдайда көмекке жүгінеді. Заттардың қызметін, қарама-қарсы ұғымдарды жақсы біледі, логикалық топтастыру жұмыстарын дұрыс орындайды.

Ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігі жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды, бірақ саусақ қимылдарын сәйкестендіру барысында аздаған шатасулар байқалады.

Эмоцияларды ажыратады, дегенмен олардың туындау себептерін түсіндіруде қиналады.

Әлеуметтік қарым-қатынасы жақсы дамыған. Тапсырма барысында белсенділік танытады, түсінбеген жағдайда көмек сұрап, қайта түсіндіруді өтінеді. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа жеңіл түседі.

Жалпы алғанда, баланың психологиялық даму деңгейі жас ерекшелігіне сай.

Ұсыныс

-Оразалының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту үшін сурет бойынша толық әңгіме құрату жұмыстарын жалғастыру;

-Есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында өлең, тақпақ және сөздерді ретімен қайталау жаттығуларын жүргізу;

-Зейін тұрақтылығын арттыруға арналған логикалық және дидактикалық ойындарды қолдану;

- Ұсақ моториканы дамыту үшін саусақ жаттығулары, мүсіндеу, сурет салу, қиып-жапсыру жұмыстарын көбейту;
- Эмоцияларды түсіну және жеткізу дағдыларын дамыту үшін эмоциялық ойындар мен жағдаяттық әңгімелер ұйымдастыру;
- Баланың өз ойын еркін жеткізуіне қолдау көрсетіп, мадақтап отыру ұсынылады.

Зерттелген күні «23» 04. 2026 жыл.

Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна